

Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің Х1-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 1 қарашадағы № 157 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына, 282-бабының 4 және 7-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің Х¹-бөліміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 1 қарашадағы
№ 157 шешіміне
ҚОСЫМША

Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібінің Х1-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Х¹. Керек-жарақтарды кедендік шекара арқылы өткізу кезінде ТД толтыру ерекшеліктері".

2. 41⁴-тармақтың 7) тармақшасының бірінші абзацын және 8) тармақшасының бесінші абзацын қоспағанда, бөлімнің мәтіні бойынша тиісті түр мен септіктегі "тауар" деген сөз тиісті түр мен септіктегі "керек-жарақ" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 41¹-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41¹. Декларант керек-жарақтарды кедендік шекара арқылы өткізу кезінде ТД-ның мынадай графаларын толтырады:

1 – 3, 5 – 7, 8 (әкелу кезінде), 9, 11, 14, 15, 15 (а; b), 16, 17, 17 (а; b), 18, 20 – 25, 26 (әкелу кезінде), 29 – 34, 37, 38, 40 – 42, 44, 46, 54."

4. 41²-тармақ "24," деген цифрлардан кейін "26 (әкелу кезінде)," деген сөздермен толықтырылсын.

5. 41³-тармақ "9" деген цифрдың алдынан "8 (әкелу кезінде)," деген сөздермен толықтырылсын, "графалар" деген сөзден кейін "керек-жарақтарды кеден аумағына әкелу кезінде осы Тәртіптің II бөлімінде көзделген ТД-ны толтыру тәртібіне сәйкес

толтырылады. Көрсетілген графалар (8-графаны қоспағанда) керек-жарақтарды кеден аумағынан әкету кезінде" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 41⁴-тармақта:

а) 1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Графаның бірінші кіші бөлімінде, егер керек-жарақтар кеден аумағына әкелінсе, "ИМ" деген жазба және егер керек-жарақтар кеден аумағынан әкетілсе, "ЭК" деген жазба жазылады.";

б) 2) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай мазмұндағы абзацпен ауыстырылсын:

"Керек-жарақтарды кеден аумағына әкелу кезінде мәліметтер осы Тәртіптің II бөлімінде ТД-ның 2-графасын толтыру үшін белгіленген тәртіппен графаға енгізіледі. Керек-жарақтарды кеден аумағынан әкету кезінде мәліметтер осы Тәртіптің III бөлімінде ТД-ның 2-графасын толтыру үшін белгіленген тәртіппен графаға енгізіледі.";

в) 5) тармақшаның екінші абзацы мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын :

"Керек-жарақтарды кеден аумағына әкелу кезінде графада осы Тәртіптің II бөлімінде ТД-ның 21-графасын толтыру үшін белгіленген тәртіппен кеден шекарасы арқылы керек-жарақтарды өткізу орындарына келген кезде керек-жарақтар болған көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Керек-жарақтарды кеден аумағынан әкету кезінде графада керек-жарақтарды тиеу жүргізілетін көлік құралы туралы мәліметтер көрсетіледі.";

г) 6) тармақшада:

екінші абзацтағы "тауарларды декларациялау" деген сөздер" кеден аумағынан әкетілетін керек-жарақтарды декларациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "бөлімінің" деген сөз "бөлімінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

д) 7) тармақшаның бесінші абзацындағы "бөлімінің" деген сөз "бөлімінде" деген сөзбен ауыстырылсын.